

"Сиань қаласында (Қытай Халық Республикасы) Қазақстан Республикасының Бас консулдығын ашу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 қазандағы № 854 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Сиань қаласында (Қытай Халық Республикасы) Қазақстан Республикасының Бас консулдығын ашу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

Сиань қаласында (Қытай Халық Республикасы) Қазақстан Республикасының Бас консулдығын ашу туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Сиань қаласында (Қытай Халық Республикасы) Қазақстан Республикасының Бас консулдығы ашылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ.Тоқаев